

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы Темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 535 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы Темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі арасындағы Темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі,

темір жол көлігі саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға аса зор мән бере отырып және екі ел темір жолдарының арасында одан әрі ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында,

мына төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастықты Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына және Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес тең құқылы және өзара тиімді негізде дамытады.

**2-бап**

Тараптар ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асыруға келісті: олардың мемлекеттерінің темір жол көлігі және бір Тарап мемлекетінің аумағы бойынша екінші Тарап мемлекетінің бағытындағы транзиттік тасымалдар жөніндегі

өзара ақпарат алмасу және деректерді уақтылы беру;  
осы Келісімнің ережелерінен туындайтын міндеттерді орындау үшін сарапшыларды  
ө з а р а ж і б е р у ;  
екі мемлекет арасындағы тікелей халықаралық темір жол қатынасындағы және  
олардың аумақтары бойынша транзитпен жолаушы және жүк тасымалдарын одан әрі  
д а м ы т у ;  
екі мемлекет арасындағы темір жол контейнерлік, соның ішінде контейнерлік  
поездардың және олардың аумақтары бойынша транзитпен тасымалдауды одан әрі  
д а м ы т у ғ а ж ә р д е м д е с у ;  
екі мемлекет арасындағы шекаралық темір жол өтпелерін дамыту бағдарламасын  
ә з і р л е у ж ә н е ү й л е с т і р у ;  
жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдау жөніндегі көліктік қызмет  
көрсету және тарифтер жүйесін жетілдіру;  
темір жол көлігі саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықты және осы  
Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптармен келісілген ынтымақтастықтың басқа да  
нысандарын дамыту.

### **3-бап**

Тараптар Темір жолдар ынтымақтастығы ұйымының (ТЖЫҰ) мүшелері және осы  
ұйым келісімдерінің, оның ішінде Халықаралық жолаушы қатынасы туралы келісімнің  
(ХЖҚК) және Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімнің (ХЖТК)  
Тараптары болып табылатындығын ескере отырып, Тараптар көрсетілген Келісімдердің  
ережелеріне сәйкес екі мемлекет арасында да, олардың аумақтары бойынша транзитпен  
де, жолаушылар мен жүктерді кедергісіз халықаралық темір жол тасымалы үшін  
қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

### **4-бап**

Тараптар тікелей халықаралық темір жол қатынасындағы тасымалдарды бұдан әрі  
дамыту мақсатында бір-біріне қажетті көмек көрсетеді.

Тараптар халықаралық контейнерлік және мультимодальды тасымалдардың  
дамуына жәрдемдесуге ұмтылады. Қажет болған кезде Тараптар тасымалдау қызметін  
көрсету жүйесін үздіксіз жақсарту және оның сапасын арттыру мақсатында  
халықаралық нарыққа және бәсеке қабілеттілігіне сәйкес тарифтік саясатты бірлесіп  
әзірлеу мен үйлестіруге жәрдемдесетін болады.

### **5-бап**



Осы Келісімге өзара уағдаластық бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 12-бабына сәйкес күшіне енетін хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **11-бап**

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **12-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге жасалады әрі Тараптардың бірі екінші Тараптың осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

2004 жылғы \_\_\_\_\_ мамырда Пекин қаласында әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрлігі үшін*

*Қытай Халық Республикасының  
Темір жол министрлігі үшін*